Бекітемін:
ЖШС «Гүл-Гүл» бөбекжай
бақшасы меңгерушісі:
_________ С.Арынова
«29» 08 2025 жыл

# «Түркістан облысы білім басқармасының Арыс қаласы білім бөлімінің жанындағы «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы» ЖШС-нің 2025-2026 оқу жылына арналған ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

***29.08.2025 жылғы педагогикалық кеңесте қабылданды***
***№1 хаттама***

***Арыс қаласы***

CamScanner көмегімен сканерленген

Мазмұны

**Кіріспе бөлім**

- Бөбекжай бақшасы төлқұжаты
- білім беру салалары бойынша балалардың құзыреттілік деңгейінің мониторингі
- 2024-2025 оқу жылында жүргізген оқу-тәрбие жұмысына талдау
- балабақшаның 2025-2026 оқу жылының жұмыс бағыты, мақсаты, міндеттері

**I бөлім. Бөбекжай бақшасы қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**

**II бөлім. Құжаттарды дайындау**

**III бөлім. Ұйымдастырушылық қызмет**

**IV бөлім. Кадрлармен жұмыс**

IV/1. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу
IV/2. Біліктілікті арттыру
IV/3. Педагогтардың біліктілікті арттыруына арналған кесте

**V бөлім. Білім беру процесін ұйымдастыру**

V/1. Педагогикалық кеңестер
V/2. Әдістемелік кеңесінің отырыстары
V/3. Тәрбиешілерге арналған консультациялар
V/4. Байқаулар, конкурстар
V/5. Тақырыптық апталықтар мен акциялар
V/6. Өртсөндіру қауіпсіздігі іс-шаралары
V/7. Жемқорлыққа қарсыкүресжәнетерроризмгеқарсыкүресіс-шаралары
V/8. Балалармен бірге өткізілетін мерекелер мен ойын-сауықтар
V/9. «Адал азамат – кәсіби маман» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру
V/10. Экологиялық тәрбие бойынша «Жасыл балабақша» жоспары
V/11 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жоспары

**VI бөлім. Әлеуметпен жұмыс**

VI /1. Ата-аналармен жұмыс
VI/ 2. Әжелер, әкелер, аналар мектебі жоспары
VI/ 3. «Барлығына қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндаманы жүзеге асыру мақсатында жол картасының 39-тармағына сәйкес 2025-2026 оқу жылына «Жас ата-аналар мектебі» жобасының жұмыс жоспары
VI/4. Мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары

**VII бөлім. Бақылау және Басшылық**

VII /1 Мектепке дейінгі мекеменің қызметіне ішкі бақылауды ұйымдастыру
VII/2. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс
VII/3. Әкімшілік жиналыстар
VII/4. Өндірістік жиналыс
VII/5.Балабақшаның материалдық базасын жақсарту

**VIII. Мектеппен сабақтастық**

CamScanner көмегімен сканерленген

**«Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы» ЖШС-нің төлқұжаты**

**«Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы» ЖШС**
Пошталық индексі – *160100*
Мекен-жайы- *Арыс қаласы, Ақдала ауылы Т.Төрегелдиев №5А*
Ғимарат - 1 *қабатты*
Жалпы көлемі – *1200 КП*
Қолданылуға берілген жылы – *2019 жылы*
Оқыту тілі-*қазақ тілі*
Жоба қуаттылығы ( орын) – *135 бала*
Педагогикалық құрамы- 14 *педагог, оның ішінде – 12 тәрбиеші*
Тәрбиеленушілер саны- *135 бала*
Топ саны - *6 топ*
Кадрлармен қамтамасыз ету- 26 *адам, оның ішінде 14 педагог мамандар*
Оқу тәрбие жұмысы – *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (12.08.2016ж., №499 бұйрық) және ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының өзгертулері мен толықтыруларымен) бойынша жұмыс жасайды.*

**«Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы» ЖШС 2024-2025 оқу жылының аяғындағы тәрбиенушілердің қорытынды бақылау парағы бойынша білім сапасының көрсеткіші**




Диаграмма бойынша әр салада төмен көрсеткіш көрсетіп келе жатқан балалар бар. Ол, жыл соңында балабақшаға келген балалар, ортаға бейімделмегеніне байланысты бала төмен көрсеткіш көрсетіп отыр.

CamScanner көмегімен сканерленген

**2025-2026 оқу жылының «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы» ЖШС педагогикалық ұжым жұмысын талдау**

**«Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы» ЖШС 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс қорытындысы.**

**2025-2026оқу жылының мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балаларды ғылыми тұрғыдан білімді, тәрбиелі, жан-жақты, бәсекеге қабілетті,жаңалыққа құштар болып, үнемі ізденісте жүретін тұлға ретінде қалыптастыру. Сапалы білім мен саналы тәрбие алған ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

**Міндеттері:**

1.Оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологиялардың элементтерін ұтымды пайдалану;

2. Бала бойындағы байқалған дарындылық пен білімділікті берілген ақпарат көлемінде қалыптастырып, игерту;

3. Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілерді жан-жақты дамуында, яғни дене бітімінде, қоршаған ортамен байланысында, қатынас, таным саласы бойынша алғырлыққа баулу, шығармашылық қабілеттерін ояту.

**Балалармен жүргізілген жұмыс.**

2025-2026 жылы балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес қойған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін, барлық педагог мамандармен, ұжыммен жұмыс жасалды. Балалардың қажеттілігін қанағаттандыру, өмірі мен денсаулығын нығайту үшін жыл бойы қызықты мерекелік, спорттық іс-шаралар өткізіліп отырды

Қыркүйек айының бірі күні Білім күніне орай барлық топтарда «1- Қыркүйек Білім күні» тәрбие сағаты өтті. Қазақстан халықтарының тілдері күні «Ана тілім - айбыным» челленджі ұйымдастырылып, барлық бейне материалдар балабақшаның ресми парақшасына жарияланды. Балалардың жұмыстарынан құралған «Жайдарлы жаз» суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Онымен, қоса осы айда **Жалпы ата-аналар жиналыстары өтті. «Балапан» және «Балдырған» ортаңғы топтары** «Таныс болайық!» тақырыбында, **«Бәйтерек»**, **«Балауса»** ересек тобы «Бала болашағына жол ашайық» тақырыбында өткізді.

Қазан айының екінші аптасында 25-қазан – Республика күніне орай «Қазақстан Республикасы күні!» ашық оқу қызметі өтті.

Қазан айының соңғы аптасында барлық топтарда «Алтын күз!» ертеңгіліктері өтті. Ата-аналар мен балалардың бірлескен «Алтын күз көрмесі!» қол бұйымдары көрмесі қойылды.

Желтоқсан айында 16-желтоқсан ҚР Тәуелсіздігі күніне орай «Тәуелсіз елім Қазақстан!» тақырыбында ортаңғы, ересек топтарда мерекелік іс-шара өткізді. Айдың соңғы аптасында барлық топтарда «Жаңа жылдарыңызбен!» ертеңгіліктері жүргізілді.

Қаңтар айында ересек топ тәрбиеленушілері ҮІӘ-тер, дәстүрден тыс сурет салу, би терапиясы, әуен терапиясы, дәстүрден тыс сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Наурыз айының бірінші аптасында «Ана» сүйікті анамызды мерекесімен құттықтаймыз ертеңгілігі барлық топтарда өтті. Екінші аптада 22-наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай «Ұлыс оң болсын!» мерекелік ертеңгілігі барлық топтарда өтті. Ұлттық тағам түрлерінен дастархан жайылды.

Сәуір айының екінші аптасында барлық топтарда қорытынды ата-аналар жиналысы өтті. Топтар арасында «12 сәуір Ғарышкерлер күні!» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін даярлық, ортаңғы, ересек, кіші топтар өтті.

1-мамыр ҚР Халықтарының Бірлігі күніне орай «1-Мамыр Бірлік күні!» ертеңгіліктері өтті. Мамыр айының бірінші аптасында аудандық семинар өтті. Семинарға тәрбиеленушілер өтте жақсы қатысты. Екінші аптада 9-мамыр «Жеңіс күні!» күніне орай ересек, ортаңғы, кіші топтарда мерекелік іс-шара өткізілді. Төртінші аптада «Балалық шақтан болашаққа» балабақшамен қоштасу ертеңгіліктері өтіп, даярлық тобының тәрбиеленушілерін шығарып салдық.

CamScanner көмегімен сканерленген

**“Түркістан облысы білім басқармасының Арыс қаласы Ақдала ауылы білім бөліміне қарасты «Гүл-Гүл» бөбекжай бақшасы» ЖШС-нің 2025-2026 оқу жылына арналған**

# ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

**Қызметтің негізгі бағыттары**

- Балалардың эмоционалды әл-қуатын жақсарту үшін ортаны модельдеу
- Білім сапасын арттырудың басты шарты ретінде педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру
- Мектепке дейінгі сапалы білімді қамтамасыз ету үшін, мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиелеу мен дамытудың инновациялық педагогикалық технологияларын қолдану
- Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту.
- Балалардың коммуникативтік, танымдық, эмоционалды-әлеуметтік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.

**2025-2026 оқу жылына арналған міндеттер:**

1. Мектеп жасына дейінгі тұлғаларды бәсекеге қабілетті тәрбиелеу мақсатында физикалық дамытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу арқылы денсаулық құндылықтарын қалыптастыру.
2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдылық мәдениетін қалыптастыра отырып, жүйелі сөйлеуін дамыту бойынша заманауи әдістер мен нысандарды қолдану процесінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту сапасын арттыру.
3. Отбасы мен балабақша екі жақты бірлесе отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын қалыптастыру құралы ретінде дидактикалық ойындар мен жаттығуларды қолдануға жағдай жасау.

CamScanner көмегімен сканерленген

| № | Мазмұны | Уақыты | Жауаптылар аты-жөні,тегі |
|---|---|---|---|
| 1. | «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары, балалалардың эмоционалды эл-ауқатын жақсарту үшін ортаны модельдеу» тақырыбында педагогикалық сағатты өткізу | қыркүйек | әдіскер, тәрбиешілер |
| 2. | Жалпы жиналыста ата-аналарды балабақша өмірімен таныстыру. Қамқоршылық кеңес құру. Аналар, Әкелер, Әжелер мектебін құру. | қыркүйек | әдіскер, тәрбиешілер |
| 3. | Педагогтарды баланың құқығы туралы Конвенциямен таныстыру | қазан | меңгеруші, әдіскер |
| 4. | Отбасы мен МДҰ балалардың құқығы мен мүддесін қорғау бойынша педагогтар мен ата-аналар комитетінің жұмысы | сәуір | меңгеруші, әдіскер, |
| 5. | Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беру, педагогтардың міндеттері мен құқын талқылау. | тоқсан сайын | меңгеруші, әдіскер |

**I. Балабақша қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**

**Құқықтық сауаттылығын көтеру**

| № | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жұмыс барысында ҚР заңнамалық актілерін, билік органдарының, басқарма органдары мен білім бөлімдерінің шешімдерін қолдану | Үнемі | Бұйрықтар, жоспарлар, іс-шаралар | Меңгеруші |
| 2 | Ішкі тәртіпті, жұмыс тәртібін, штат кестесін қарастыру | Қыркүйек–мамыр | Бұйрықтар, жоспарлар | Меңгеруші |
| 3 | Қызметтің негізгі бағыттары мен кадр саясаты бойынша бұйрық дайындау: Балабақша жұмысын жетілдіру бойынша мәселелерді қарау | Жыл бойы | Бұйрықтар | Меңгеруші |
| 4 | Балабақша қызметін ұйымдастыру бойынша жергілікті актілерді әзірлеу | Жыл бойы | Актілер мен ережелер жинағы | Әдіскер |

CamScanner көмегімен сканерленген

## II. Құжаттарды дайындау

| № | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау | Жыл бойы | Шарттар | Меңгеруші |
| 2 | Балалардың жас топтарын құру | Тамыз | Бала тізімдері | Меңгеруші, медициналық қызметкер |
| 3 | «Гүл-Гүл» балабақшасының оқу жылына дайындығы | Қыркүйек | Акт | Шаруашылық меңгеруші, әдіскер |
| 4 | Балалар контингенті мен педагогикалық ресурстар бойынша есептік-статистикалық ақпарат бойынша есеп дайындау | Қыркүйек | Есеп нысандары | Меңгеруші, әдіскер |
| 5 | Жазғы сауықтыру маусымына дайындық | Сәуір, мамыр | Жазға арналған жұмыс жоспары | Шаруашылық меңгеруші, әдіскер, медициналық қызметкер |

## III. Ұйымдастырушылық қызмет

| № | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп жасына дейінгі балалармен конкурс өткізуді ұйымдастыру бойынша ережелер әзірлеу | тамыз | Конкурс туралы ережелер, бұйрықтар | Әдіскер |
| 2 | 2025-2025оқу жылының басталуын ұйымдастыру және балабақшадағы күз-қыс маусымына дайындау бойынша құжаттарды дайындау | тамыз | Бұйрықтар | Шаруашылық меңгеруші, әдіскер |

CamScanner көмегімен сканерленген

## IV бөлім. Кадрлармен жұмыс

**Мақсаты:** Педагогтардың кәсіптік біліктілікті көтеру, шығармашылық белсенділікті дамыту, жаңа педагогикалық технологияны іздеу және еңгізу, оқыту-тәрбиелеу үрдісін жоғары сатыға көтеру, жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.

**IV /1.** Педагогтарды аттестаттаудан өткізу

| № | Өткізілетін шаралар | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Кезектен тыс және жоспар бойынша аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін құру, қалалық білім бөліміне тапсыру. | қыркүйек | Меңгеруші, әдіскер |
| 2. | Педагог мамандарды аттестация ережелерімен таныстыру. Балабақшада аттестация мүшелері құрамын құру, оларға бұйрық шығару. | қыркүйек | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер |
| 3. | Аттестацияға өтуге өтініш берген педагогтармен жұмыс жоспарын бекіту. | қазан | Меңгеруші, әдіскер |
| 4. | Аттестаттаудан өтетін педагогтардың оқу қызметіне және шығармашылық жұмыстарына катысу. Әдістемелік жұмыс | Қаңтар-наурыз | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер |
| 5. | Аттестациялық материалдар көрмесі. | сәуір | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 6. | Педагогтардың құжаттарының талапқа сай дайындығын бақылау. | Кесте бойынша | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 7. | Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау, шығармашылық тақырыптарын бекіту. | мамыр | Меңгеруші, әдіскер |

### IV /2. Біліктілікті арттыру

| № | Аты-жөні | Қызметі | Курстан өткен уақыты |
|---|---|---|---|
| 1. | Арынова Сымбат Исаханқызы | меңгеруші | "Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 18.11.2024 ж №0855449. |
| 2. | Долходжаева Айгерим Байхожаевна | әдіскер | Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 25.11.2025 ж №1019174 |
| 3. | Базарбекова Гүлнар Құнанбайовна | тәрбиеші | Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 25.11.2025 ж № 1019169. |
| 4. | Смагулова Аманкул Каматаевна | тәрбиеші | "Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 05.03.2026 ж №1021357 |
| 5. | Есімхан Ақжан Абайқызы | тәрбиеші | Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 25.11.2024 ж №1019183 |
| 6 | Нұрмахан Гүлжазира Сапаралықызы | тәрбиеші | Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 25.11.2025 ж №0730582 |
| 7 | Әйтбенбетова Нұргүл Өмірзаққызы | тәрбиеші | "Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 25.11.2025 ж №1019176 |
| 8 | Султанова Айдана Рустемовна | тәрбиеші | -"Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 18.11.2024 ж №0855469 |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Сарсенова Гулдана Ақылбекқызы | тәрбиеші | - Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 12.03.2025ж №0995387 |
| 10 | Есімхан Ақжан | Тәрбиеші | 18.11.2024 ж<br>-- Өрлеу" біліктілік арттыру курсы |
| 11 | Аякөз Әлімбекова | Тәрбиеші | - Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 03.07.2026ж №1084639 |
| 12 | Эркинова Жамиля Тургунбаевна | *Тәрбиеші* | Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 03.07.2026ж №1084656 |
| 13 | Тұрманбетов Жолдасбек | Музыка жетекшісі | ------ |
| 14 | Турсынбаева Алия Сейдуллаевна | Педагог психолог | "Өрлеу" біліктілік арттыру курсы 12.09.2024 ж №0850395 |

**IV /3. Педагогтардың біліктілікті арттыруына арналған кесте**

| № | Аты-жөні | 2022-2023 | 2024-2025 | 2024-2025 | 2025-2026 | 2026-2027 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Арынова Сымбат Исаханқызы | | | + | | |
| 2. | Долходжаева Айгерим Байхожаевна | | | | + | |
| 3. | Базарбекова Гүлнар Құнанбайовна | | | | + | |
| 4. | Смагулова Аманкул Каматаевна | | | | | + |
| 5. | Есімхан Ақжан Абайқызы | | | + | | |
| 6. | Нұрмахан Гүлжазира Сапаралықызы | | | | + | |
| 7. | Әйтбенбетова Нұргүл Өмірзаққызы | | | | + | |
| 8 | Султанова Айдана Рустемовна | | + | | | |
| 9 | Сарсенова Гулдана Ақылбекқызы | | | | + | |
| 10 | Есімхан Ақжан | | | + | | |
| 11 | Аякөз Әлімбекова | | | | | + |
| 12 | Эркинова Жамиля Тургунбаевна | | | | | + |
| 13 | Турсынбаева Алия Сейдуллаевна | | + | | | |

CamScanner көмегімен сканерленген

| № | Жұмыс бағыттары | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:<br>-жылдық міндеттерді;<br>-оқу жоспары;<br>-ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі;<br>-таңғы жаттығу кестесі;<br>-күн тәртібі;<br>-күнтізбелік жоспарлары. | Тамыз | Меңгеруші<br>Әдіскер |
| 2. | Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған Жұмыстарын талқылау, қорыту. | Тамыз | Әдіскер<br>мейірбике |
| 3. | Қызметкерлер мен тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша жұмыстар;<br>-баланың өмірімен денсаулығын қорғау нұсқаулықтар;<br>-өрт қауіпсіздігі;<br>-тәрбиелеу оқыту процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;<br>-еңбек қауіпсіздігі;<br>-қызметкерлердің техника қауіпсіздігі; | Қыркүйек<br>Желтоқсан,<br>Наурыз<br>маусым | Меңгеруші,<br>Әдіскер<br>Шаруашылық<br>меңгеруші |
| 4. | Педагогтардың сапалық құрамы | Қыркүйек | Әдіскер |
| 5. | Күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру мақсатында көмек көрсету | Тұрақта | әдіскер |
| 6 | Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс | Қыркүйек | әдіскер |
| 7. | Жас тәрбиешілердің топ құжаттарының дұрыс жүргізілуін қадағалау | Тұрақты | әдіскер |
| 8. | Баланың психологиялық ерекшеліктері (Жас ерекшеліктері Бойынша диагностика) | Қазан Сәуір | Әдіскер,<br>психолог |
| 9. | Өз білімін жетілдіру курстарына педагогтарды қатыстыру | Тұрақты | әдіскер |
| 10. | Қалалық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілетін семинарларға, байқауға, конкурстарға, әдістемелік бірлестік отырыстарына педагогтарды белсенді қатыстыру | Тұрақты | Меңгеруші,<br>әдіскер |
| 11. | Тәрбиешілердің. Ұйымдастырылған оқу қызметі, ертеңгілік,сауық, семинар т.б өткізуіне көмек көрсету. | Жылбойы | әдіскер |
| 12. | Педагог қызметкерлердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыру. | Қазан Қараша<br>Сәуір Мамыр | әдіскер |
| 13. | Көрме ата-аналармен бірлескен ж ұ м ы с<br>«Берекелі алтын күз»<br>«Қысқы серуен»<br>«Жайдарлы жаз» | Жоспар<br>бойынша | Әдіскер,<br>педагогтар |
| 14. | Барлық топ тәрбиеленушілерінің<br>Білім салалары бойынша білім деңгейлерін зерттеу | Қыркүйек<br>Қаңтар<br>Мамыр<br>индикатор | Әдіскер,<br>тәрбиешілер |

**V бөлім. Білім беру процесін ұйымдастыру**

CamScanner көмегімен сканерленген

## V/ 1. Педагогикалық кеңестер

| № | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | № 1 Педагогикалық кеңес<br>Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»<br>Күн тәртібі:<br>1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.<br>2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы<br>3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну.<br>4. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру<br>5. «Адал азамат – кәсіби маман» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру<br>6. Ағымдағы мәселелер: | тамыз | Меңгеруші, әдіскер |
| 2 | №2 педагогикалық кеңес тақырыбы:<br>1.Тақырыбы: «Балабақша ұлттық құндылықтары мен ойындарды насихаттаудың маңызы»<br>Күн тәртібі:<br>2.«Қазіргі білім беру кеңістігінде балабақша мен мектептің сабақтастығыбойынша жұмысты ұйымдастыру»<br>3.«Балабақшада ұлттық құндылықтарды мен ойындарды насихаттаудың маңызы:<br>4. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бағытындағы балабақшаданы іс әрекеттер»тақырыбы бойынша тақырыптық бақылаудыңқортындысы.<br>5. Ағымдағы мәселелер | Қараша | Меңгеруші, әдіскер |
| 3 | №3педагогикалық кеңес тақырыбы:<br>«Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»<br>Күн тәртібі:<br>1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі<br>2. «Тәрбиеленушілердің әр түрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру арқылы еңбекқорлыққа баулу».<br>3. «Ата -аналар мен еңбек тәрбиесі бойынша жұмыс формалары мен әдістері».<br>4. «Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру-сырқау нәтижесі»<br>4. Ағымдағы мәселелер | Қаңтар | Меңгеруші, әдіскер |
| 4 | №4 педагогикалық кеңес тақырыбы:<br>«Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер»<br>Күн тәртібі:<br>1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы<br>2. Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту<br>3. Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауіпсіздік пен жауапкершілік негізі<br>4. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы» | Наурыз | Меңгеруші, әдіскер |
| 5 | № 5 Педагогикалық кеңес<br>Тақырыбы:«2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау.<br>Күн тәртібі:<br>1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы | Мамыр | Меңгеруші, әдіскер |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі»<br>3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету<br>4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту<br>5.Ағымдағы мәселелер | | |

**V/ 2. Балабақша педагогтарымен өткізілетін әдістемелік кеңесінің отырысы**

| № | Іс-шара тауы | Өткізу мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | **№ 1 әдістемелік кеңестің отырысы**<br>**Тақырыбы: «Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу толықтыру.»**<br>1. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту<br>2. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылау қортындысы.<br>3. «Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау». Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы<br>4. «2025-2026 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері»<br>5. Ағымдағы мәселелер. | Қыркүйек | ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері |
| 2 | **№ 2 әдістемелік кеңестің отырысы**<br>**Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігін негіздерін қалыптастыру»**<br>1.№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.<br>2.Әдістемелік апталықты өткізу жоспарын әзірлеу.<br>3.Мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз өмір сүрудағдыларын қалыптастырудың тиімді формалары мен әдістері.<br>4. Ағымдағы мәселелер. | Желтоқсан | ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері |
| 3 | **№ 3 әдістемелік кеңестің отырысы**<br>**Тақырыбы:Мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастықты ұйымдастыру.**<br>1.№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.<br>2. Шебер-сынып «Балабақша жұмысында сабақтастық қағиданы іске асыру»<br>3. «Бұрынғы балабақша түлектерінің мектепке сабаққа қатысуын талдау,балабақша мен мектептің сабақтастығы»<br>4.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қортындысы.<br>4.Әртүрлімәселелер. | Ақпан | ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері |
| 4 | **№ 4 әдістемелік кеңестің отырысы**<br>**Тақырыбы: «*Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы* туралы қортынды талдау.»**<br>1.№3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы<br>2.Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау меңгеру бойынша қорытынды мониторинг қорытындысы<br>3. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту. | Мамыр | ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері |

CamScanner көмегімен сканерленген

## V/ 3. Тәрбиешілерге арналған консультациялар

| № | Іс-шара тауы | Өткізу мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Циклограмманы күн тәртібіне сәйкес жоспарлау | Қазан | Кеңес материалы | Әдіскер |
| 2 | «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойын әдіс – тәсілдерін қолдану жолдары» | Қараша | Кеңес материалы | Әдіскер |
| 3 | Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру маңыздылы | Қаңтар | Кеңес материалы | Әдіскер |
| 4 | Тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту жолдары | Ақпан | Кеңес материалы | Әдіскер |
| 5 | Денсаулық сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен ынтымақтастықтың тиімді нысандары | Наурыз | Кеңес материалы | Әдіскер |
| 6 | Жаз кезінде бос уақытты ұйымдастыру | Сәуір | Кеңес материалы | Әдіскер |

## V/4. Байқаулар, конкурстар

| № | Іс-шара тауы | Өткізу мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жайдарлы жаз» суреттер көрмесі | Қыркүйек | Ереже, конкурс материалдары | Ортаңғы, ересек топтар |
| 2 | Қарттар күніне орай «Менің атам мен әжем» байқауы | Қазан | Ереже, конкурс материалдары | Ортаңғы, ересек, |
| 3 | Ұлттық ойындар жарысы «Ханталапай шақырады» | Қараша | Ереже | ересек топтар |
| 4 | «Мен елімнің ұланымын» патриоттық мәнерлеп оқу сайысы | Желтоқсан | Ереже, конкурс материалдары | Ортаңғы, ересек, |
| 5 | «Үздік дамытушы орта» байқауы | Қаңтар | Ереже | барлық педагог |
| 6 | «Бақытты балалық шақ» байқауы | Маусым | Видеобейне | Барлық педагог |

## V/5. Тақырыптық апталар мен акциялар

| № | Іс-шаралар атауы | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жол қозғалысындағы қауіпсіздік апталығы | Қазан | Өткізу жоспары, материалдар | Ересек топ тәрбиешілері |
| 2 | «Денсаулықты қалай сақтаймыз» акциясы | Қараша | Өткізу жоспары, материалдар | Барлық топ тәрбиешілері |
| 3 | «Әділетті Қазақстанға – адал ұрпақ» акциясы | Желтоқсан | Өткізу жоспары, материалдар | Барлық топ тәрбиешілері |
| 6 | «Ұлттық құндылық – ұлт болашағы» Ұлттық мұра бірлестігі | Наурыз | Өткізу жоспары, материалдар | Барлық топ тәрбиешілері |
| 7 | Экология апталығы | Сәуір | Өткізу жоспары, материалдар | Барлық топ тәрбиешілері |
| 8 | «Ер есімі – ел есінде» апталық | Мамыр | Өткізу жоспары, материалдар | Ересек топ тәрбиешілері |

CamScanner көмегімен сканерленген

**V/6. Жол –көлік жарақатынан сақтандыру**

| № | Іс-шара | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1. | Әңгімелесу: «Жолда жүру ережесін үйрету»<br>Көрме:«Қызыл, сары,жасыл» | Қыркүйек | Әдіскер, топ тәрбиешілері |
| 3. | Ойын–сауық:«Қызыл,сары,жасыл» | Қараша | Ортаңғы топта |
| 4. | Әңгімелесу:«Жол жүргіншілердің жолдан өту ережесін сақтау міндеті» | Қаңтар | Ересек топта |
| 5. | Жарыс: «Сиқырлы жол белгілері» | Ақпан | Барлық топта |
| 6. | Ойын-сауық:«Бағдаршам емтиханы» | Сәуір | Ересек топта |
| 7. | Ойын-сауық:« Көлікпен және жаяу» | | Кіші топта |
| | Ата-аналармен жұмыс | | |
| 1. | Іскерлікойын:«Жолатасы бағдаршам»» | Қараша | Тәрбиешілер |
| 2. | Әңгіме:«Мен ұқыпты жүргінші» | Қаңтар | Тәрбиешілер |
| 3 | Көрме «Алтын күз» | Қазан | Тәрбиешілер |

**V/7. Өрт сөндіру қауіпсіздігі іс-шаралары**

| | | |
|---|---|---|
| Жаңа оқу жылына төтенше жағдайдан қорғану іс шараларының жоспарын бекіту. | Меңгеруші әдіскер | қыркүйек |
| Көрме: «Өрт–бала көзімен»<br>Әңгімелесу:«Өрт туралы не білеміз?» | Барлық топ тәрбиешілері | қыркүйек |
| Ойын-сауық: «Өрт қауіпсіздігі» | Ересек топ тәрбиешісі | Қараша |
| Викториналық кеш: «Өрт сөндірушіге не қажет?» | Ересек топ тәрбиешілері | Қаңтар |
| Ойын-сауық: «Өрт сөндіру көлігі» ортаңғы тобы | Ортаңғы топ тәрбиешілері | Сәуір |
| Әңгімелесу: «Өрттен сақ бол!» | Ересек топ тәрбиешілері | Мамыр |
| **Ата-аналармен жұмыс** | | |
| Ата-аналарға арналған ақпарат: «Қауіпсіздік ережелерін білесіз бе?» | Барлық топ тәрбиешілері | Қазан |
| Ойын-сауық: «Өрт<br>Қауіпсіздік еліне саяхат» | Барлық топтар | Ақпан |

**V/8. Жемқорлыққа қарсы күрес және терроризмге қарсы күресіс-шаралары**

| | | |
|---|---|---|
| **Ата-аналар және педагогтармен жұмыс** | | |
| Педагогтарға түсінік жұмыстарын жүргізу, Балабақшаішілік бұйрық шығару «Сыбайлас жемқорлықты тудырмайтын себептермен жағдайлар болдырмау» | Меңгеруші, әдіскер | Қыркүйек |
| «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу – бүкіл қазақстандық қоғамның маңызды міндеті» - педагогтармен дөңгелек үстел | Әдіскер, тәрбиешілер | Қараша |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | |
|---|---|---|
| Спорттық жарыс: «Біздің таңдауымыз-жемқорлықсыз болашақ! | Әдіскер, тәрбиешілер, | Қаңтар |
| Ақыл кеңес: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Мәдениетті қалыптастыру ерекшеліктері» | Әдіскер, тәрбиешілер, | Наурыз |

## V/9. Балалармен бірге өткізілетін мерекелер мен ойын-сауықтар.

| № | Іс-шара тауы | Өткізу мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| | **1. Мерекелер** | | | |
| 1 | «1-қыркүйек– Білім күні» атты мерекелік ойын-сауық | Қыркүйек | Оқу залы (сценарийлер) | Тәрбиешілер |
| 2 | Қазақстан халықтарының тілдері күні «Ана тілім - айбыным» | Қыркүйек | ойын | Ересек топ. |
| 3 | 25-қазан – Республика күні «Қыран елім - Қазақстаным» | Қазан | Ертеңгілік | Тәрбиешілер |
| 4 | «Күз байлықтары» | Қазан | Ертеңгілік | Тәрбиешілер |
| 5 | «Тәуелсіз елім- Қазақстаным!» | Желтоқсан | Оқу залы (сценарийлер) | Тәрбиешілер |
| 6 | «Төрлет құтты жаңа жыл!» | Желтоқсан | Ертеңгілік | Тәрбиешілер |
| 7 | «Алғыс айту» күні | Наурыз | Оқу залы | Тәрбиешілер |
| 8 | «Ана гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы!» (барлық топтар) | Наурыз | Ертеңгілік | Тәрбиешілер |
| 9 | «Ұлыс оң болсын!» | Наурыз | Ертеңгілік | Тәрбиешілер |
| 10 | «Мен бәріне бейбітшілік тілеймін!» | Сәуір | Оқу залы (сценарийлер) | Тәрбиешілер |
| 11 | «Біз-батыр елдің ұланымыз!» «Бейбітшілік қорғанында!» | Мамыр | Ертеңгілік залы (сценарийлер) | Тәрбиешілер |
| 12 | «Біз мектепке барамыз» балабақшамен қоштасу | Мамыр | Ертеңгілік | Тәрбиешілер |
| 13 | «Балалық шақ – бұл мен және сен!» | Маусым | Спорт алаңы (сценарийлер) | Тәрбиешілер |
| | **2. Спорттық ойын-сауықтар, мереке мен денсаулық күндері** | | | |
| 1 | «Епті бол» эстафеталық ойын | Қазан | Ересек топтар (сценарийлер) | Тәрбиешілер, әдіскер |
| 2 | «Алға балақай!» мерекелік шара | Қараша | Ересек топ | Тәрбиешілер, әдіскер |
| 3 | «Алақай, қыс келді» спорттық шара | Желтоқсан | Ортаңғы топтар (сценарийлер) | тәрбиешілер |
| 4 | «Денсаулық күні» отбасылық эстафеталық жарыс: «Қысқы ермек» | Қаңтар | Барлық топтар ата-аналарымен (сценарийлер) | Тәрбиешілер, әдіскер |
| 5 | «Ұлттық ойындар» спорттық мерекесі | Наурыз | Барлық топтар(сценарийлер) | Тәрбиешілер, әдіскер |
| 6 | «Біз көңілді баламыз» мерекелік шара | Сәуір | Ересек топтар (сценарийлер) | Тәрбиешілер, әдіскер |
| 7 | «Көктемгі дала!» эстафеталық | Мамыр | Ортаңғы топтар | Тәрбиешілер, |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жарыс | | (сценарийлер) | әдіскер |

**V/10. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

| Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР** | | | | |
| **№** | **Қызмет түрі** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындалу мерзімі** |
| 1 | 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын құру және бекіту | Жоспар | МДТ ұйымдарының педагогтары | Тамыз-қыркүйек |
| 2 | Ата-аналар жиналыстары, ата-аналар комитеттері | Хаттама | МДТ ұйымдарының педагогтары | Жыл бойы |

**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

*1 қыркүйек – «Білім күні»*
*5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні*
*Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні*
*Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні*
*Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні*

| **Р /с** | **Іс шаралар атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындалу мерзімдері** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 қыркүйек - Білім күні «Тілім менің тірегім» | Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет Дәйексөз: «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» | Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, педагогтері | Мерзімінде |
| 2 | «Бақытты отбасы - берекелі ел» | Бейне -ролик Дәйексөз: «Ер дәулеті - еңбек» | Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 3 | «Абай әндері» | Музыкалық кеш Дәйексөз: «Білімдіден шыққан сөз –талаптыға болсын кез» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы,әдіскері, | Мерзімінде |

**Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық**

*1 қазан – Халықаралық қарттар күні*
*5 қазан – Мұғалімдер күні*
*25 Қазан – Республика күні*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қарттарым -асыл қазынам» | Құттықтау. Дәйексөз:«Үлкенге ізет-жасқа жол» | Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 2 | «Ұстаздарға мың алғыс» | Мерекелік кеш Дәйексөз: «Баланың бас | Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ұстазы ата-ана» | | |
| 3 | «Жомарт күз» жәрмеңкесі | Көрме<br>Дәйексөз : «Көктемгі әрекет – күзгі берекет» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы на сәйкес |
| 4 | «Мен Отаныммен мақтанамын!» | Ертеңгілік<br>Дәйексөз: «Отан – отбасынан басталады» | Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі,тәрбиешілер | Мерзімінде |
| **Қараша – әділдік және жауапкершілік айы**<br>15-қараша ұлттық валюта теңге күні | | | | |
| 1 | «Әжелер мектебі», | Қолөнер сайыс<br>Дәйексөз: 1.« Ана алдында құрмет – ата алдында қызмет» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 2 | Сапарғали Ысқақұлы Бегалин «Өлеңмен өрнектелген әлем» | Өлеңдегі табиғаттың сурет көрмесі.<br>Дәйексөз: «Адам ақылымен қымбатты, ұрпағымен сымбатты» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 3 | «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді дамыту | Сюжетті-рөлдік ойындар<br>Дәйексөз: «Еңбек етсең ерінбей тояды, қарның тіленбей.» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 4 | «Адал ұрпақ» | Мультфильм қарау<br>Дәйексөз: «Әділін айтсаң – әдемі айтқаның» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| **Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы**<br>*16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні* | | | | |
| 1 | «Республикам – мақтанышым!» | Ертеңгілік<br>**Дәйексөз:** 1. « Ынтымақ жүрген жерде – ырыс жүреді»<br>2. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | Мерзімінде |
| 2 | «Қыс қызықтары» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында) | Спорттық ойындар<br>Дәйексөз: 1. «Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ»<br>2. « Бірлік болмай – тірлік болмас» | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | Мерзімінде |
| **Қаңтар – заң және тәртіп айы**<br>*1 қаңтар – Жаңа жыл* | | | | |
| 1 | «Асық асыл қазына» | Ұлттық ойындар<br>Дәйексөз: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері | Мерзімінде |
| 2 | «Менің | Әңгімелесу | Мектепке дейінгі | Мерзімінде |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құқықтарым, менің міндеттерім» (ересек жастағы балалар үшін) | Дәйексөз: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» | ұйымның тәрбиешілері | |
| 3 | Әжем айтқан ертегі «Әжелер мектебі» | Ертегі айту<br>Дәйексөз: 1.«Ақыл тату тәртіппен»<br>2. «Атасыз үй –батасыз, Анасыз үй-панасыз» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| **Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық**<br><br>*14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні* | | | | |
| 1 | «Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам: | Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет<br>Дәйексөз: 1. «Өнер ақиқаты – жасампаздықта»<br>2. «Сіздің істеріңіз – сіздің ескерткіштеріңіз» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 2 | «Шын жүректен кітап сыйла!» | Акция<br>Дәйексөз: « кітап білім бұлағы,білім өмір шырағы» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 3 | «Ұлттық өнер ұрпаққа мұра» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында) | Қол бұйымдарының көрмесі<br>Дәйексөз: « Өнерді үйрен, үйрен де жирен» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар | Мерзімінде |
| **Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы**<br><br>*1 наурыз – Алғыс айту күні*<br>*8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні*<br>*21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі* | | | | |
| 1 | «Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен) | Челлендж<br>Дәйексөз: «Ел іші – алтын бесік» | Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері | Мерзімінде |
| 2 | «Ананың аялы алақаны» | Челлендж<br>Дәйексөз: «Ана–өмірдің гүлі» | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар | Мерзімінде |
| 3 | «Наурыз – жыл басы!» | Ертеңгілік<br>Дәйексөз: «Жақсылықтың жиынтығы- әз Наурыз» | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | Мерзімінде |
| 4 | «Құрақ көрпе» | Көрме ұйымдастыру<br>Дәйексөз: «Ою ойғанның ойы ұшқыр» | Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері | Мерзімінде |
| **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**<br><br>*12 сәуір – Ғылым күні* | | | | |
| 1 | «Құстарға қамқор болайық» Құстарға ұя жасау | Акция<br>Дәйексөз: «Досізде, егер тапсаң қамқор бол» | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар | Мерзімінде |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | «Кішкентай зерттеушілер» | Эксперимент<br>Дәйексөз: «Еңбектің наны тәтті,жалқаудың жаны тәтті.» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 3 | «Сән салоны», «Емхана» | Сюжетті-рөлдік ойындар<br>Дәйексөз: «Адам құрметіне бөленемін десең, өзің де құрметтей біл» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| **Мамыр – бірлік және ынтымақ айы**<br>*1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні*<br>*7 мамыр – Отан қорғаушылар күні*<br>*9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні*<br>*15 мамыр – Халықаралық отбасы күні* | | | | |
| 1 | «Достығымыз жарасқан» | Балалар суретінің көрмесі<br>Дәйексөз: 1. «Береке көзі – бірлікте»<br>2.«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды» | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 2 | «Білімім – Отаныма» | Ертеңгілік<br>Дәйексөз: «Отандысүю — от басынан басталады.» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 3 | «Менің отбасым - бақыт мекенім» | Қабырға газеті<br>Дәйексөз: «Отбасым-алтын бесігім» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |

CamScanner көмегімен сканерленген

**V/11. Экологиялық тәрбие бойынша «Жасыл балабақша» жоспары**
**Эксперименттік әрекетке қатысу**

| № | Іс-шара тақырыбы | Мақсаты | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Таза аула – таза қала Тәжірибе: «Таза және лас судың айырмашылығын анықтау» | Қоршаған ортаны тазалықта ұстау, қоқысты сұрыптау дағдыларын қалыптастыру. | Қыркүйек | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 2 | Жер – өмір негізі Тәжірибе: «Топырақтың құрамын зерттеу» | Топырақтың түрлері мен қасиеттерін таныстыру, жерді қорғау дағдыларын қалыптастыру. Күзмезгіліндегітабиғаткөріністерін бақылау, еңбекке баулу. | Қазан | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 3 | Жануарлар әлемі Тәжірибе: «Жануарлардың әр жыл мезгілінде қоректенуі» | Жануарлар мен олардың тіршілігі жайлы білімдерін толықтыру, оларға қамқорлық сезімін ояту. | Қараша | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 4 | Құстарды қорғау күні Тәжірибе: «Құстардың жемін дайындау» | Құстардың табиғаттағы рөлі, оларға қамқорлық жасау жолдарын үйрету. | Желтоқсан | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 5 | Қардағы ойындар Экологиялық жарыс ойындар Тәжірибе: «Мұздың пайда болуы және еруі» | Қыс мезгілінде табиғаттағы өзгерістерді бақылау, қармен ойнау арқылы денсаулықты нығайту. | Қаңтар | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 6 | Орман және оның тұрғындары Тәжірибе: «Өсімдіктер мен жануарларға жарық пен судың әсері» Тәжірибе: «Жапырақтың тыныс алуы» | Орман экожүйесімен таныстыру, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қажеттілігін түсіндіру. | Ақпан | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 7 | Ауа – тіршілік тынысы Тәжірибе: «Ауаның бар екенін дәлелдеу» | Ауаның маңызын түсіндіру, оны ластамау жолдарын үйрету. | Наурыз | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 8 | Табиғатқа саяхат Тәжірибе: «Табиғат дыбыстарын тыңдау және ажырату» | Табиғат аясында серуендеу арқылы байқағыштықты, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. | Сәуір | Әдіскер, тәрбиешілер |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | Су – тіршілік көзі Экологиялық мереке Тәжірибе: «Судағы тіршілік иелерін бақылау» Сумен эксперименттік іс-әрекеттер жасау | Балаларға судың адам өміріндегі, табиғаттағы рөлі туралы түсінік беру және суды үнемдеуге үйрету. Өзен, көл және теңіз тіршілігін таныстыру, су жануарларын қорғау. | Мамыр | Әдіскер, тәрбиешілер |

**V/12 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жоспары**

| № р/с | Тақырыптар | Ересек және мектепалды топ балалары үшін | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Ақшамен таныстыру: сыртқы түрі мен пайдаланылуы<br><br>Әңгімелесу | -Ақша белгілерімен таныстыру (монеталар, купюралар,олардың мөлшері, түсі, сандық мәні, бейнелері);<br>-ақша не үшін қажет екенін түсіндіру, айырбастау құралы;<br>-ойындар мен тапсырмаларда ойыншық ақшаны пайдалану;<br>-ақшаға не сатып алуға болатынын және не сатып алуға болмайтынын талқылау (достық, денсаулық және т.б.) арқылы қалыптастыру қажет.<br>Әңгіменің тақырыптары:<br>- Ақша не үшін қажет?<br>- Ақшаны кім табады?<br>- Неліктен еңбек ету маңызды?<br>– Ақша жинау сандықшасы деген не?<br>- Неге әрқашан қалағанымызды сатып ала алмаймыз? | Қыркүйек |
| 2 | Табыс көзі ретінде еңбек және мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру | - ата-аналардың және басқа ересектердің еңбектерімен таныстыру (тәрбиеші, дәрігер, сатушы, құрылысшы және т. б.);<br>- мамандықтар туралы иллюстрациялар қарастыру және әңгімелесу;<br>- Ойындар: «Анам/әкем кім болып жұмыс істейді», «Кім не істейді?», «Менің болашақ мамандығым»;<br>- адамның қалай жұмыс істейтіні және ол үшін ақша алатындығы туралы шағын әңгіме құрастыру. | Қазан |
| 3 | Дүкендермен, банктермен, ақша жинайтын сандықшалар мен (копилкалармен) таныстыру | - дүкен, дәріхана ойындарын ойнау: сатып алу, өнімді таңдау, тапсыру, сатып алушы-сатушы;<br>- дүкендер, дәріханалар, кассалар, тауарлардың бағалары көрсетілген сөрелер мен банкоматтардың макеттерін пайдалану;<br>- дүкенге, дәріханаға баруды көрсету, өнім мен бағаны талқылау;<br>- «банк» және «банкомат» ұғымдарын енгізу, банкте кім жұмыс істейді, карта деген не?, ақшаны қалай алуға болады?;<br>- жинақтау құралы ретінде ақша жинайтын сандықшалармен таныстыру, арқылы меңгеруге көмектеседі. | Қараша |
| 4 | Жоспарлау және үнемдеу туралы түсініктерді дамыту | - «қалау» мен «қажет» арасында таңдау жасау дағдыларын қалыптастыруға;<br>- шығындарды қарапайым түрде жоспарлауды меңгеруге;<br>- ресурстарды қалдыру және сақтай білу деген үнемдеу ұғымдарын енгізуге; | Желтоқсан |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | - таңдау жағдайларын ұйымдастыруға: белгілі бір сомаға не сатып алу қажет, қайсысы маңызды;<br>- «арманның орындалуына жинаймыз» ойынына (ойыншыққа, кітапқа, сыйлыққа) көңіл бөлінеді. | |
| 5 | Көркем әдебиетпен жұмыс (ертегілер, әңгімелер) | -еңбекқорлық пен жомарттық, үнемділікпен байланысты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға;<br>- кейіпкерлердің мінез-құлқын талдау: кім еңбек етеді, кім жалқау, кім көмектеседі, кім үнемдейді немесе ақшаны ойланбастан жұмсайды және т.б.;<br>- моральдық әңгімелерді және олардың қаржылық жағдайлармен байланысын талқылауға ықпал етеді. Ұсынылатын шығармалар: «Құмырсқаның қанағаты» - қолда барға қанағат ету, үнемдеу туралы; «Тиін мен кірпі» - дос болу, бөлісу, сараң болмау туралы; «Кішкентай бағбан» - еңбекқорлық пен жауапкершілік туралы; «Құлын, қозы, лақ»<br>- ортақ шешімге келу, бірігіп әрекет ету туралы. | Қантар |
| 6 | Ойын жағдаяттары | - «Біз дүкендеміз»: шартты ақшаны пайдаланып тауарларды сатып алу және сату;<br>- «Армандаған затқа ақша жинаймыз»:балаға қалаған затын алу үшін шартты соманы жинақтау ұсынылады;<br>- «Досыма сыйлық»: бала белгілі бір бюджеттен шығындарды жоспарлайды;<br>- «Себетті толтырайық»: берілген сомаға азық-түліктерді таңдау. | Ақпан |
| 7 | Сюжетті-рөлдік ойындар | «Теңге алу»; - «Айырмашылығын табу»; - «Банкомат»; - «Ақша жұмсауды үйренеміз»; - «Әмиян»; - «Сұлулық салоны»; - «Дәріхана»; - «Сауда орталығы»; - «Отбасы дүкенге барады»; - «Банк және клиенттер»; - «Ойыншықтар дүкені»; - «Пошта — коммуналдық қызметтерге ақы төлеу»; - «Мамандықтар: кім қалай ақша табады». | Наурыз |
| 8 | Мультфильмдер мен бейнематериалдар қарау | - «Балаларға арналған қаржылық сауаттылық әліппесі» (қысқа бейнероликтер топтамасы);<br>- Мультфильмдер топтамасы «Алдар Көсе мен Бай». Қаржылық сауаттылық әліппесі» (айырбастау, сатып алу туралы), «Әке мен бала » (еңбек ету арқылы келген заттарды бағалау), «Бір уыс мақта». | Сәуір |
| 9 | Шығармашылық тапсырмалар | - Өзі ақша жинайтын сандықшаның суретін салу; - Жапсыру: «100 теңгеге не сатып алуға болады»; - «Ақша купюраларын» құрастыру; - Сурет салу: «Менің болашақ мамандығым»; - Коллаж: «Мен не қалаймын және оны сатып алу үшін қалай ақша жинаймын». | Мамыр |
| 10 | Ата-аналар мен бірлескеніс-шаралар | Отбасымен жұмыс жүргізу нысандарының үлгілері:<br>- «Менің отбасым және ақша» жобасы;<br>- «Отбасы бюджеті» үй тапсырмасы;<br>- Ата-аналармен бірге жасаған ақша жинайтын сандықшалардың көрмесі;<br>- Викторина «Қаржы әліппесі»;<br>- Экономикалық тақырыптағы ертегілерді бірге оқу және талқылау. | Мамыр |

CamScanner көмегімен сканерленген

## V/13 «Кәсіптік бағдар беру» жоспары

| Мерзімі | Тақырыпты қ бағыт | Мақсаты | Әрекеттер | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| Қыркүйек | «Әуе жайдағы мамандықтар» | Балаларды ұшқыш, стюардесса, диспетчер сияқты әуе көлігі саласындағы мамандықтармен таныстыру.<br>Әуе көлігінің ерекшелігін түсіндіру, көліктерді салыстыруға үйрету.<br>Қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгерту арқылы сөздік қорын байыту.<br>Балаларды әуе мамандарының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | Рөлдік ойын: «Ұшақта» (балалар ұшқыш, жолаушы, стюардесса болып ойнайды).<br>Суретпен жұмыс: ұшақ, әуежай, билет суреттерін қарап, атау.<br>Қимылды ойын: «Ұшақ ұшты» (балалар қанат қағып, ұшақ қимылдарын салады).<br>Әңгіме: «Ұшқыш не істейді?», «Стюардесса кімге көмектеседі?»<br>Шығармашылық жұмыс: қағаздан ұшақ жасау (аппликация немесе бүктеу).<br>Дидактикалық ойын: «Әуе көлігін тап!» (автобус, пойыз, ұшақ суреттерінен ұшақты табу).<br>Ән айту: «Ұшақ» тақырыбындағы қысқа өлең-тақпақ жаттау. | Балалар әуе көлігі мен әуежай мамандықтарының атауларын біледі (ұшқыш, стюардесса, диспетчер).<br>Қарапайым сұрақтарға жауап береді («Кім ұшақты жүргізеді?» – «Ұшқыш»).<br>Әуе көлігін басқа көлік түрлерінен ажыратады.<br>«Ұшақ ұшты» қимылды ойыны арқылы қимыл белсенділігі артады.<br>Шығармашылық жұмысқа қызығушылық танытады.<br>Қазақ тілінде қысқа сөйлемдер құрай алады («Ұшақ ұшты», «Ұшқыш ұшады»). |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қазан | «Телестудия – қызықты хабарлар әлемі» | Балаларды телестудия жұмысы және тележурналист, тележүргізуші мамандығының еңбегімен таныстыру. Қоғамдық мәдениетке, сыпайы сөйлеуге, көпшілік алдында өзін ұстауға баулу. Қазақ тілінде «тележүргізуші», «телекамера», «журналист», «хабар» сөздерін қолдануды үйрету. Балаларды тапқырлыққа, сөзге шешендікке баулу. | **Рөлдік ойын:** «Біздің студияда» (Балалар тележүргізуші, оператор, қонақ рөлін ойнайды. бірі сұрақ қояды, бірі жауап береді, бірі камера ұстағандай болады). **Шығармашылық жұмыс:** Телестудия құралдарын суреттеу немесе жапсыру (камера, микрофон, экран, үстел). **Дидактикалық ойын:** «Бұл не үшін керек?» (Камера – түсіруге, микрофон – сөйлеуге, студия шамы – жарықберуге). **Әңгімелесу:** «Тележүргізуші не істейді?», «Хабар қалайдайындалады?» **Сөздік қорды дамыту:** «Тележүргізуші хабар жүргізеді», «Камера түсіреді», «Хабар қызықты» сияқтысөйлемдерқұрау. **Қимылдыойын:** «Тікелей эфир басталды» (Балалар жүргізушінің қимылын қайталайды: қолмен амандасады, микрофон ұстайды, сұрақ қояды). **Өлеңжаттау:** «Теледидар – тереземізәлемге» (шағынтақпақ). **Сурет көрме ұйымдастыру:** «Мен тележүргізушімін». | Балалар «тележүргізуші», «телекамера», «журналист» сөздерін біледі және қолданады. Телестудия еңбегін құрметтейді, «тележүргізуші хабар жүргізеді» деген түсінікті меңгереді. Қарапайым диалог жүргізе алады («Сіз кімсіз?» – «Мен тележүргізушімін»). Сөздік қоры байып, көпшілік алдында сөйлеу дағдысы қалыптасады. Шығармашылық жұмыс арқылы студия құралдарын бейнелейді. Балаларда ақпаратқа қызығушылық, мәдени қарым-қатынас дағдылары дамиды. |
| Қараша | «Тур агент – қызықты саяхаттар иесі» | Балаларды тур агент мамандығымен таныстыру. Елдер мен қалалар туралы сөздік қорын байыту. Саяхат мәдениетіне баулу, табиғатты, мәдени ескерткіштерді қорғауға үйрету. Тур агент еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | **Рөлдікойын:** «Туристікагенттікте» (Балалар тур агент, турист, гид рөліндеойнайды). **Әңгіме:**«Тур агент не істейді?»«Саяхат қайда ұйымдастырылады?» **Қимылды ойын:** «Жол сөмкесін жина» (Балалар ойыншықтар арасынан сапарға қажет заттарды таңдап, қимылмен көрсетеді). **Дидактикалық ойын:** «Қай елді көргіміз келеді?» (Балалар суреттер арқылы әр елдің табиғаты мен мәдениетін ажыратады). **Шығармашылық жұмыс:** «Менің арман саяхатым» – сурет салу немесе жапсыру (тау, теңіз, қала, табиғат көріністері). **Серуеннен кейінгі бақылау:** Тур агенттік кеңсесіне (немесе макет, бейне) барып, маманның еңбегімен танысу. **Өлең жаттау:** «Саяхат – білім көзі» тақпағы. | Балалар тур агенттің еңбегін түсінеді, оның саяхат ұйымдастыратынын біледі. Қазақ тілінде елдер мен саяхат атауларын айтады (тау, көл, қала, автобус, ұшақ). «Тур агент саяхат ұйымдастырады», «Саяхат қызықты» сияқты сөйлемдер құрайды. Пайдалы саяхат түрлерін атай алады (табиғатқа бару, музей көру, тарихи орындармен танысу). Шығармашылық жұмысқа қызығушылық танытады. Турагент еңбегіне құрметпен қарайды. |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Желтоқсан** | «Банк – ақшаны сақтаушы мекеме» | Балаларды банк қызметкерінің еңбегімен таныстыру.<br>Ақша, теңге, монета, карта сияқты қаржы құралдарының атауларын үйрету.<br>Ақшаға ұқыпты қарауға, еңбектің құндылығын түсінуге баулу.<br>Банк қызметкерлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | **Құрастыру:** «Банк ғимаратын саламыз» (текшелерден немесе конструктордан).<br>**Рөлдікойын:** «Банкте» (Балалар кассир, клиент, менеджер рөлінд еойнайды: біреуі ақша салады, біреуі ақша алады, біреуі карточка рәсімдейді).<br>**Сөздікқордыдамыту:** «ақша, теңге, карта, кассир» сөздерін қолдану.<br>**Дидактикалықойын:** «Бұл не үшін керек?» (Карта – ақшасақтауға, касса – төлемжасауға, монета – сатыпалуға).<br>**Шығармашылықжұмыс:** «Менің арман банк картам» сурет салу немесежапс ыру.<br>**Қимылдыойын:** «Ақшаны жеткіз» (Балалар ойыншық ақшаны бір жерден екінші жерге тасиды, банкте сақтайды).<br>**Әңгімелесу:**<br>«Банк қызметкері не істейді?»<br>«Ақшаны қайда сақтаймыз?»<br>**Ертегітыңдату:** «Ақша мен еңбектің достығы» (еңбектің арқасында ақша табылатынын түсіндіру үшін). | Балалар банк қызметкерінің еңбегін сипаттай алады.<br>Қаржы құралдарының атауларын біледі («ақша, теңге, карта, кассир»).<br>Қарапайым сөйлемдер құрайды («Кассир ақша береді», «Карта ақша нысақтайды»).<br>Қаржылық ойындарға белсенді қатысады.<br>Ортақ жұмыстың нәтижесіне қуанады, еңбектің құндылығын түсінеді.<br>Банк қызметіне қызығушылық танытады. |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қаңтар** | «Мұражай – өткенді танытушы» | Балаларды мұражай қызметімен және ондағы мамандардың еңбегімен таныстыру.<br>Балалардың сөздік қорына «мұражай, жәдігер, көрме, сурет» сияқты жаңа сөздер енгізу.<br>Өткен тарихқа, мәдениетке деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жәдігерлерді қорғауға, ұлттық мұраға құрметпен қарауға тәрбиелеу. | **Рөлдік ойын:** «Мұражайда» (Бір бала – экскурсовод, қалғандары – келуші болып ойнайды).<br>**Тақпақжаттау:** «Мұражай – тарих айнасы».<br>**Шығармашылық жұмыс:** «Менің сүйікті жәдігерім» сурет салу немесе коллаж жасау (киізүй, домбыра, ыдыстар, суреттер).<br>**Дидактикалық ойын:** «Бұл не үшін керек?» (Домбыра – ән-күйге, ыдыс – тамақішуге, кітап – оқуға).<br>**Әңгіме:**<br>«Мұражайда не көругеболады?»<br>«Сен мұражайғабарсаң, қай жәдігерді тамашалар едің?»<br>**Қимылды ойын:** «Көрмегеасық» (Балалар жәдігер суреттерін дұрыс орнына апарып қояды).<br>**Көрнекілік пен жұмыс:**<br>Мұражай экспонаттарының суреттерін немесе шағын бейнеролик көрсету. | Балалар «мұражай – өткенді танытушы» екенін түсінеді.<br>Қазақ тілінде жаңа сөздерді қолданады («мұражайда жәдігер бар», «сурет, көрме, домбыра»).<br>Қарапайым сөйлемдер құрайды («Мұражайда қызықты экспонаттар бар»).<br>Мұражайдағы еңбектің мәнін түсінеді, жәдігерді құрметтеу туралы түсінік қалыптасады.<br>Өз ойын еркін жеткізіп,. шығармашылық жұмысын қорғай алады. |
| **Ақпан** | «Теміржолшылар еңбегі» | Балаларды теміржол саласындағы негізгі мамандықтармен (машинист, жолшы, кондуктор) таныстыру.<br>Пойыз көлігінің ерекшелігін білуге үйрету.<br>Қазақ тілінде көлік атауларын қолдануға дағдыландыру.<br>Теміржол мамандарының еңбегіне құрмет сезімін қалыптастыру. | Рөлдік ойын: «Пойызға билет аламыз» (бір бала – кассир, біреуі – жолаушы, қалғандары – кондуктор, машинист).<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай көлік?» (пойызды басқа көліктерден ажырату).<br>Қимылды ойын: «Пойыз құрастыр» (балалар бір-бірінің артынан тұрып, пойыз құрайды).<br>Суретпен жұмыс: пойыз, вагон, рельс, билет суреттерін қарау.<br>Әңгімелесу: «Машинист не істейді?», «Кондуктор кімгекөмектеседі?»<br>Шығармашылықжұмыс: «Пойызсаламыз» (түстіқағазданқұрастырунемесесурет салу).<br>Ән-өлеңжаттау: «Пойызжүріпбарады» тақпағы. | Балалар пойыз, вагон, рельс сияқты сөздерді қазақша айтады.<br>Машинист, кондуктор, жолшы мамандықтарының атауларын біледі.<br>Рөлдік ойын арқылы қарапайым диалог құрастырады («Билет беріңізші» – «Міне, билет»).<br>Қимылды ойындарда белсенді қатысады.<br>Пойыз көлігін басқа көліктерден ажырата алады.<br>«Пойыз жүріп барады» тақпағын жаттап айтады. |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Наурыз | «Тасымалдаушылар мамандығы» | Балаларды жүк тасушылардың еңбегімен және олардың колданатын құралдарымен таныстыру.<br>Жүк көліктерінің түрлерін ажыратуға үйрету (жүк көлігі, арба, кран).<br>Қазақ тілінде «жүк», «көлік», «тасу» сөздерін қолдануға дағдыландыру.<br>Еңбек адамдарының маңыздылығын түсіндіріп, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | Әңгіме: «Жүк тасушы не істейді?» (қорап көтеру, зат жеткізу, көлік жүргізу).<br>Қимылды ойын: «Жүк жеткіз» (балалар қорапшаларды немесе ойыншықтарды белгіленген жерге апарады).<br>Шығармашылық жұмыс: «Жүк көлігі» суретін салу немесе қағаздан құрастыру.<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай көлік?» (жүк көлігін жеңіл көліктен ажырату).<br>Рөлдік ойын: «Жүк қоймасында» (балалар тасымалдаушы, жүргізуші, тапсырыс беруші рөлінде ойнайды).<br>Сөздік жаттығу: «Жүк – көлік – тасу» сөздерін сөйлемде қолдану («Жүк көлікке тиелді», «Жүк тасушы қорап әкелді»).<br>Серуен кезінде бақылау: көшедегі жүк көліктерін көрсету. | Балалар жүк тасушылар еңбегін біледі және құрметтейді.<br>Жүк көлігі атауларын қазақша айтады («жүк көлігі», «арба», «кран»).<br>Қарапайым сөйлемдер құрайды («Жүк көлікпен келеді», «Аға жүк тасиды»).<br>Еңбекке қызығушылық танытады, ойын барысында жүк тасушылардың рөлін ойнайды.<br>Қимылды ойындарда белсенділік көрсетеді. |
| Сәуір | «Табиғат қорғаушылары» (орманшы, бақташы, бағбан) | Балаларды табиғатты қорғауға, еңбек адамдарының еңбегін бағалауға үйрету.<br>Орманшы, бақташы, бағбан мамандықтарының маңызын түсіндіру.<br>Табиғатқа қамқорлық жасаудың қарапайым жолдарын көрсету.<br>Қазақ тіліндегі жаңа сөздермен сөздік қорын байыту («ағаш, бақ, орман, гүл, жеміс»). | Әңгіме: «Орманшы не істейді?», «Бағбан нені күтеді?», «Бақташы малға қалай қамқор болады?»<br>Қимылды ойын: «Ағаш отырғызайық» (балалар қолдарымен қимыл жасап, ағаш егіп, су құйып бейнелейді).<br>Сурет салу: «Бақтағы еңбек» (гүл, жеміс ағаштарын бейнелеу).<br>Дидактикалықойын: «Не қайдаөседі?» (орманда – ағаш, бақта – жеміс, бақшада – көкөніс).<br>Серуенкезіндебақылау: ағаш, гүлдердікөру, балаларғатабиғаттағыөзгерістердік өрсетіп, әңгімелеу.<br>Шығармашылық жұмыс: қағаздан ағаш жапырақтарынқиып, «Жасылорман» ұжымдық коллаж жасау.<br>Тақпақжаттау: «Ағаштыкүтейік» немесе табиғат қорғау туралы қысқа өлең. | Балалар табиғат қорғаушыларының (орманшы, бақташы, бағбан) еңбегін біледі.<br>«Ағаш, орман, бақ, гүл, жеміс» сияқты сөздерді қазақша қолдана алады.<br>Табиғатқа қамқор болу туралы түсінігі қалыптасады («Ағаш отырғызу», «Гүлге су құю», «Орманды қорғау»).<br>Шығармашылық жұмысқа қатысып, табиғатты бейнелей алады.<br>Табиғатқасүйіспеншілікпе нқараудыүйренеді. |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Мамыр** | «Ел қорғаушылар – батыл мамандықтар» (әскер, полиция, өрт сөндіруші) | Балаларды батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу.<br>Әскер, полиция, өрт сөндіруші мамандықтарының маңызын түсіндіру.<br>Отан қорғаушылардың еңбегін құрметтеуге үйрету.<br>Қазақ тілінде «әскер, полиция, өрт сөндіруші, батыр, Отан» сөздерін қолдануға дағдыландыру. | Рөлдік ойын: «Өрт сөндірушілер жұмыста» (балалар өртті сөндіріп, адамдарды құтқарады).<br>Әңгіме: «Әскерлер елімізді қорғайды» (әскер киімі, әскери техника суреттерімен).<br>Қимылды ойын: «Жауынгерлер сапта» (балалар қатар түзеп, бұйрықтарды орындайды).<br>Дидактикалықойын: «Бұлкімніңформасы?» (әскер, полиция, өртсөндірушіформасынажырату).<br>Шығармашылықжұмыс: «Мен батыр боламын» сурет салу.<br>Өлеңжаттау: *Отан*, батырлықтуралықысқатақпақ.<br>Серуенкезіндебақылау: өртсөндірушікөлігін, полиция қызметкерлерінкөргендетаныстыру<br>.<br>Ұжымдықжұмыс: «Батырларқаласы» (қорған, жалау, әскерсуреттерінен коллаж құрастыру). | Балалар батыл мамандықтарды біледі және атайды («әскер, полиция, өрт сөндіруші»).<br>«Әскер Отанды қорғайды», «Өрт сөндіруші адамдарды құтқарады» деген қарапайым сөйлемдер құрайды.<br>Батырлық, ерлік ұғымын түсінеді.<br>Құрмет пен мақтаныш сезімі қалыптасады.<br>Шығармашылық жұмыста батыл мамандық иелерін бейнелейді. |

CamScanner көмегімен сканерленген

## VI бөлім. Әлеуметпен жұмыс

**Мақсаты:** Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, ұжымның алдында тұрған өазіргі таңдағы тәрбиенің міндеттерін бірігіп шешу. Мектептегі мектепалды даярлық мазмұнын талдауда тәжірибе алмасу.

### VI/ 1. Ата-аналармен жұмыс

| № | Іс-шара тауы | Өткізу мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| | **1. Жалпы ата-аналар жиналыстары** | | | |
| 1 | 1. Ата-аналарды 2025-2026 оқу жылының мақсат-міндетімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау.<br>2. «Біртұтас тәрбие - болашақ кепілі!»<br>3. Орта жас тобының балаларының балабақшаға бейімделуі<br>4. Әртүрлі мәселелер | қыркүйек | Баяндама<br>Баяндама<br>Баяндама | Меңгеруші<br>Тәрбиеші<br>Тәрбиеші<br>Меңгеруші |
| 2 | 1. Жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.<br>2. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру<br>3. Ата-аналарға балалардың мектепке дайындық деңгейі туралы ақпарат беру.<br>4. «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу»<br>5. Әртүрлі мәселелер | мамыр | Есеп беру | Әдіскер<br>Әдіскер<br>Тәрбиеші<br>Медбике<br>Әдіскер |
| | **2. Ата-аналарға арналған ашық есік күндері** | | | |
| 1 | «Балабақшадағы бір күнім» | Қараша | Сценарий, фотоесеп | Тәрбиешілер |
| 2 | «Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналардың педагогтармен бірлескен іс-әрекеті | Ақпан | Конспект, медиа-материал | әдіскер |
| | **3. Ата-аналар мен балалардың бірлескен қызметі** | | | |
| 1 | «Күз сыйы» қол бұйымдары көрмесі | Қазан | Көрме | Тәрбиешілер |
| 2 | «Тәуелсіз елім» көрмесі. Көлемді, 3D макеттер, кескіндемелер, т.б. | Қараша | Көрме | Тәрбиешілер |
| 2 | «Жасыл шырша жанында...» қол бұйымдары көрмесі | Желтоқсан | Көрме | Тәрбиешілер |
| 3 | «Екінші өмір сыйла» қалдық материалдардан ойыншықтар, көрнекіліктер | Қаңтар | Көрме | Тәрбиешілер |
| 4 | «Көктемгі гүлшоғы» қол бұйымдары көрмесі | Ақпан | Көрме | Тәрбиешілер |
| 5 | «Ардагерге ашықхат» шығармашылық жұмыстар көрмесі | Сәуір | Көрме | Тәрбиешілер |

CamScanner көмегімен сканерленген

## VI/ 2. Әжелер, әкелер, аналар мектебі жоспары

| № | Жұмыс мазмұны | Жұмыс түрі | Уақыты | Жауапты адам |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «1-қазан - Қарттар күніне» орай «Қарттарын қадірлеген ел – ардақты» | Ата-әжелерге арналған бейнебаян дайындау | Қазан | Әліскер, топ тәрбиешілері |
| 2 | «Ашық есік күні» тәрбиешілердің күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылған іс-әрекет жұмысын топта көрсетуі. Ата-аналардың қатысуымен | Ашық көрсетілімдер, балабақша ішінде саяхат | Қараша | Әдіскер,тәрбиешілер |
| 3 | «Балалар қандай әдеби ертегі кітаптар қарау керек» | Table talks: Аналар, әжелер қатысуымен | Желтоқсан | Әдіскер |
| 4 | Наурыз мерекесіне байланысты әр топ арасында салт –дәстүр көрсету. | Ата-аналар, ата-әжелер қатысуымен | Наурыз | тәрбиешілер |
| 5 | Ата-аналардың қатысуымен аумақты көркейту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. | Еңбек әрекеті,сенбілік ұйымдастыру | Сәуір | Әдіскер |
| 6 | «Әке көрген оқ жонар» әке мен бала арасындағы топтық тәрбиелік сайысы | Сайыс | Мамыр | тәрбиешілер |
| 7 | «Ауылым алтын бесігім» ескерткіш аумағын қоқыстан тазарту<br>Экскурсия өткізудегі ата-аналардың көмек көрсетуі. | Экскурсия, еңбек әрекеті | Маусым | Әдіскер,тәрбиешілер |

## VI/ 3. «Жас ата-аналар мектебі» жобасының жұмыс жоспары

| № | Жұмыс мазмұны | Жұмыс түрі | Уақыты | Жауапты адам |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ана болу бақыты» | Тренинг | Қыркүйек | Әдіскер |
| 2 | «Ата-ана болудың қиыншылығы» | Дөңгелек үстел | Қазан | |
| 3 | «Жақсы ата-ана болу үшін кімді оқисыз?» немесе «Кімнен үйренесіз?» | Сауалнама | Қараша | тәрбиешілер |
| 4 | «Телефон және бала» | Table talks | Желтоқсан | Әдіскер |
| 5 | «Баламен қарым-қатынас орнату тәсілдері» | TEDx | Қаңтар | Логопед, тәрбиешілер |
| 6 | «Қазіргі жас аналардың психологиялық жай-күйі» | ZOOM арқылы түсіндірме жұмыстары | Ақпан | Әдіскер |
| 7 | «Балаңыздың бейімделу кезеңіндегі қиындықтары мен қызықтары» | Тренинг | Мамыр | тәрбиешілер |
| 8 | «Балаңыздың болашағынан не күтесіз?» | Table talks | Маусым | Әдіскер |

CamScanner көмегімен сканерленген

**VI/4. Мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған ерте жастағы балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары**

| Тақырыбы | Мазмұны | Жұмыс формалары | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| «Баланың денсаулығы біздің қолымызда» | «Салауатты өмір салты дегеніміз не?»<br>«Күн режимінің мәні, шынығу»<br>«Баланың денесінің қозғалыс қажеттілігі»<br>«Дұрыс тамақтану құпиялары» | Консультациялар, ұсынымдар, практикалық сабақтар | Медбике | Қыркүйек |
| «Отбасылық бақыт әліппесі» | «Естілмейтін бала» дөңгелек үстел<br>«Қорқыныш та балалық шақтың қадамдары.Кішкентай еркеліктер»<br>«Мен қандай анамын?» кеңес | Консультация, ата-аналарға арналған ұсыныстар, дөңгелек үстел | Тәрбиеші | Қараша |
| «Үйдегі баланың қозғалыс белсенділігі» | Баланың қозғалыс саласының ерекшеліктері<br>«Балалар мен ата-аналарға арналған үй - ойын орны»<br>Бала өміріндегі би қимылдары | Дәріс, ұсыныстар, практикалық сабақтар | Әдіскер, тәрбиешілер | Қаңтар |
| «Балалармен демалыс» | Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының ықтимал нысандары | Консультация<br>Ата-аналарға арналған ұсыныстар<br>Балалар мен ата-аналардың практикалық қызметі | Тәрбиеші | Наурыз |
| «Ерте жастағы балаларды МДБ жағдайларына бейімдеу» | Бейімделу кезеңіндегі күн режимі.<br>Баланы мектепке дейін бейімдеу кезінде ата-аналарға қалай әрекет ету керек?<br>Бейімделу сипаты неге байланысты? | Консультация<br>Ата-аналарға арналған ұсыныстар<br>Практикалық ұсыныстар | Тәрбиеші | Мамыр |

CamScanner көмегімен сканерленген

## VII бөлім. Бақылау және басшылық

### VII /1 Мектепке дейінгі мекеменің қызметіне ішкі бақылауды ұйымдастыру

**Міндеттер:**

1. Қызығушылық, сенім және бірлескен шығармашылық атмосферасын құру: педагог – бала, жетекші - педагог.
2. Қызметкерлердің ішкі еңбек ережелерін сақтауы.
3. Жеке және бірлескен жұмыс арқылы МДҰ тәрбиешілерінің оқу қызметінің бірлігін қамтамасыз ету.
4. МДҰ тәжірибесіне жұмыстың жаңа, озық, жеке әдістері мен тәсілдерін енгізу.
5. Мектепке дейінгі құжаттаманың жай-күйі мен жүргізілуіне бақылау жүйесін жетілдіру.

**2025-2026 оқу жылына арналған**

| № | Бақылау мазмұны | Айлар | | | | | | | | | | | | Жауапты | Ақпараттың шығуы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 09 | 10 | 11 | 12 | 01 | 02 | 03 | 04 | 05 | 06 | 07 | 08 | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | |
| | **Шұғыл бақылау** | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Ішкі тәртіп ережелерінің орындалуы | * | | | | * | | | | * | | | | Меңгеруші | |
| 2 | ТҚ, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және ӨҚТ жөніндегі нұсқаулықтарды сақтау | * | | | | * | | | | * | | | * | Қауіпсіздік техникасына жауапты | |
| 3 | Топтарды оқу жылының басталуына дайындау | | | | | | | | | | | | * | Меңгеруші, әдіскер, меңг.Шаруашылық меңгеруші | |
| 4 | Балалардың қатысуы | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | Медбике | |
| 5 | Күн тәртібін сақтау, серуенге шығу | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | Меңгеруші, әдіскер, медбике | |
| 6 | Санитариялық жағдай | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | * | медбике | |
| 7 | Аурушандықты талдау | * | | | | * | | | | | * | | | медбике | |
| 8 | Тамақтануды ұйымдастыру | | * | | * | | * | | * | | * | | * | Меңгеруші, әдіскер,медбике | |
| 9 | Учаскеде балаларды таңғы қабылдауды ұйымдастыру | * | | | | | | | | * | * | * | * | Әдіскер, медбике | |
| 10 | Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындығы | * | | * | | * | | * | | * | | | | Әдіскер | |
| 11 | Үстелді жабдықтау | | * | | | * | | | | * | | | | Меңгеруші, әдіскер,медбике | |
| 12 | Тәрбиешілердің ата-аналармен жұмысы | | | * | | | * | | | * | | | | Меңгеруші, әдіскер | |
| 13 | Пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастыру | | * | | | * | | | | * | | | | Меңгеруші, әдіскер | |
| 14 | Балалардың даму деңгейінің мониторингі | * | | | | * | | | | * | | | | Әдіскер, тәрбиешілер | |
| | **Тақырыптық бақылау** | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Таңғы уақыт кезенің ұйымдастыру | | | * | | | | | | | | | | Меңгеруші, әдіскер | ПК |
| 2 | Құжаттаманың жүргізілуін талдау | | * | | | * | | | | * | | | | әдіскер | ПК |
| 3 | Өздігінен білім көтеру | * | | | | | * | | | | | | | әдіскер | ПК |

CamScanner көмегімен сканерленген

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша жұмысты талдау | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша ҮІӘ талдау | | * | | | | | | * | | | | | әдіскер | ПК |
| 5 | Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша ҮІӘ талдау | | | * | | | | | * | | | | | әдіскер | ПК |
| 6 | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытусаласы бойынша ҮІӘ талдау | | * | | | | | | * | | | | | әдіскер | ПК |
| 7 | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытубойынша ҮІӘ талдау | | | | | * | | | * | | | | | әдіскер | ПК |
| 8 | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ҮІӘ талдау | | | | | | * | | * | | | | | әдіскер | ПК |
| | **Салыстырмалы бақылау** | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Барлық топтардағы Ата-аналарға арналған ашық есік күнінің өтілуі | | | * | | | | | * | | | | | Меңгеруші әдіскер | |
| 2 | Балалардың мектепке дайындығы /тест, сауалнамалар/ | | | | | | | | | | | * | | Әдіскер, тәрбиеші | |
| | **Қорытынды бақылау** | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Бағдарламаның орындалу қорытындылары | | | | | | | | * | * | | | | Меңгеруші, әдіскер | |
| 2 | Мемлекеттік стандарттың орындалуы | | | | | | | | * | * | | | | Меңгеруші, әдіскер | |
| 3 | Педагогтардың білім беру-тәрбиелеу жұмысының қорытындылары | | | | | | | | | * | | | | Меңгеруші, әдіскер | |

**Шартты белгілер:**
-ӘК-әкімшілік кеңес;
-МГД-мәдени-гигиеналық дағдылар;
-ЖЖ-жалпы жиналыс;
-ӨҚ-өрт қауіпсіздігі;
-ПК-педагогикалық кеңес;
-ӨҚТ-өрт қауіпсіздігі техникасы;
-Үіә-ұйымдастыры

CamScanner көмегімен сканерленген

## VII/2. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс

| № | Іс-шара атауы | Өткізу мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығын тексеру | Тамыз | Акт | Меңгеруші |
| 2 | Балабақша электр сымдарын жоспарлы тексеру | Қыркүйек | Акт | Шаруашылық меңгеруші |
| 3 | Тіркеу құрылғыларын жоспарлы тексерулер (сумен, жылумен қамту, таразылар, диэлектрлік қолғаптар) | Қаңтар, ақпан | Сертификат | Шаруашылық меңгеруші |
| 4 | Өрт сөндіргіштердің дайындығын тексеру (қайта зарядтау) | Наурыз | Сертификат | Шаруашылық меңгеруші |
| 5 | Жылу жүйесін шаю | Мамыр | Акт | Шаруашылық меңгеруші |
| 6 | Жылыту маусымына дайындық | Июнь–шілде | Тексеру | Шаруашылық меңгеруші |
| 7 | Ағаш конструкцияларды өңдеу | жылына 1 рет | Акт | Шаруашылық меңгеруші |
| 8 | Азық-түлік қоймасын тексеру | Тоқсанына 1 рет | Есепке алу журналы | Бухгалтер |
| | **Тазарту** | | | |
| 1 | Балабақша аумағын көгалдандыру жұмыстары | Мамыр | Сенбілік | Шаруашылық меңгеруші |
| 2 | Отырғызу керек-жарағын, материалды тазалау | Қыркүйек | Сенбілік | Шаруашылық меңгеруші |
| 3 | Балабақша үй-жайларын визуалды стендтік ақпаратпен безендіру | Жыл бойы | Ақпарат | Меңгеруші |
| 4 | Жазғы сауықтыру маусымына дайындық (алаңдарды, құмсалғыштарды жөндеу және бояу) | Мамыр | Сенбілік | Шаруашылық меңгеруші |
| 5 | Аумақты қоқыстан, жапырақтан, қардан, мұздан тазалау | Жыл бойы | Сенбілік | Шаруашылық меңгеруші |
| | **Нұсқаулықтар** | | | |
| 1 | Қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қауіпсіздікті сақтау бойынша нұсқаулық | Маусым, тамыз | Журналдағы жазба | Шаруашылық меңгеруші |
| 2 | Жыл маусымына қарай педагогикалық процесті ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулық | Тамыз | Журналдағы жазба | Әдіскер |
| 3 | Балабақшада болған кезде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулық | Қыркүйек | Журналдағы жазба | Әдіскер |
| 4 | Тәрбие-білім беру процесінде жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша нұсқаулық | Қараша | Журналдағы жазба | Әдіскер |
| 5 | Өртке қарсы қауіпсіздік бойынша нұсқаулық | Желтоқсан | Журналдағы жазба | Шаруашылық меңгеруші |
| 6 | Лаңкестікке қарсы қауіпсіздік бойынша нұсқаулық | Наурыз | Журналдағы жазба | Шаруашылық меңгеруші |
| 7 | Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық | Сәуір | Журналдағы жазба | Шаруашылық меңгеруші |

CamScanner көмегімен сканерленген

## VII/3. Әкімшілік жиналыстар

| № | Күн тәртібінде қаралатын мәселелер | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| | **№1 әкімшілік жиналыс** | | |
| 1. | Балабақша ішкі тәртіп ережелерінің сақталу жағдайын талдау. | Қыркүйек | Шаруашылық меңгеруші |
| 2. | Балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар. | | Меңгеруші |
| 3. | Аиа аналардың ішкі тәртіпке қатысты ұсыныстарын талқылау. | | Әдіскер, медбике |
| 4. | Ағымдағы мәселелер. | | Меңгеруші |
| | **№2 әкімшілік жиналыс** | | |
| 1. | №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы | Қараша | Меңгеруші |
| 2. | Санитарлық -эпидемиологиялық талаптардың сақталуы. Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар | | Медбике |
| 3. | Қызметкерлер мен балалар арасында алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін түсіндіру. | | Меңгеруші, әдіскер |
| 4. | Өрт және басқа төтенше жағдайларға дайындық. | | Әдіскер |
| 5. | Ағымдағы мәселелер | | Меңгеруші |
| | **№3 әкімшілік жиналыс** | | |
| 1. | №2 әкімшілік жиналыс жиын шешімдерінің орындалуы | Ақпан | Меңгеруші |
| 2. | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы | | Әдіскер |
| 3. | Балабақша аумағын қардан тазарту,көктемгі тазалық жұмыстарын жүргізу. | | Әдіскер |
| 4. | Ағымдағы мәселелер | | Меңгеруші |
| | **№4 әкімшілік жиналыс** | | |
| 1. | №3 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы | Мамыр | Меңгеруші |
| 2. | Балаларға ерте жастан экологиялық тірбие берудің тиімділігі | | Шаруашылық меңгеруші |
| 3. | Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу | | Меңгеруші |
| 4 | Ағымдағы мәселелер | | |

CamScanner көмегімен сканерленген

### VII/4. Өндірістік жиналыс

| № | Күн тәртібінде қаралатын мәселелер | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| **№1 өндірістік жиналыс** | | | |
| 1. | Санитарлық -гигеналық талаптардың орындалуы . Асхана жұмысы:бракераж журналы,тағам сапасына бағалау. | Қазан | Медбике |
| 2. | Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша барлық топтарда өткізілген тексеріс нәтижелері | | Әдіскер |
| 3. | Топ бөлмелеріндегі қауіпсіздік ортасын жетілдіру бойынша ұсыныстар. | | Меңг Шаруашылық меңгерушісі Меңгеруші |
| 4. | Ағымдағы мәселелер. | | Меңгеруші |
| **№2 өндірістік жиналыс** | | | |
| 1. | №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы. | Қаңтар | Меңгеруші |
| 2. | Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу нәтижелері. | | Әдіскер |
| 3. | Педагогтардың құжаттарын күнтізбелік жоспар,циклограмма,баланың дамуын бақылау картасы, топтық құжаттар,тексеру қортындылары. | | Әдіскер |
| 4. | Ұйымдастырылған іс-шараларды ұйымдастыруда кездескен қиындықтар жіне лоарды жетілдіру жолдары. | | Меңгеруші |
| 5. | Әдістемелік ұсыныстар мен қателіктерді түзету жолдары. Ағымдағы мәселелер. | | Меңгеруші |
| **№3 өндірістік жиналыс** | | | |
| 1. | №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы. | Сәуір | Меңгеруші |
| 2. | Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану нормаларының орындалуы. | | Әдіскер |
| 3. | Ас мәзірінің құрамы,тағам сапасына жүргізілгенбракераж қортындысы. | | тәрбиеші |
| 4. | Балабақша асханасының санитарлық-гигиналық жағдайы туралы есеп | | Әдіскер |
| 5. | Ағымдағы мәселелер. | | Меңгеруші |

CamScanner көмегімен сканерленген

## VII/5. Балабақшаның материалдық базасын жақсарту

| № | Жұмыс мазмұны | Уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Жаңа оқу жылына дайындық (бояу, жөндеу) | тамыз | Меңгеруші, есепші Шаруашылық меңгерушісі |
| 2 | Топтарды дамыту материалдарымен және құралдармен толықтыру мен безендіру (жабдықтаушылармен шарт бойынша жұмыс) | Жыл бойы | Меңгеруші, есепші Шаруашылық меңгерушісі |
| 3 | Балабақшада инвентаризация жүргізу (мүліктерді түгендеу) | Қазан | Шаруашылық меңгерушісі Есепші |
| 4 | Балабақшаның қысқы маусымға дайындығы (жылу жүйелерін тексеру, терезелерді бекіту т.б.) | Қазан | Меңгеруші Шаруашылық меңгерушісі |
| 5 | Топтық бөлмелер мен кабинеттерді, ас үй мен асхананы қажетті жиһаздармен жабдықтау (жабдықтаушылармен шарт бойынша жұмыс) | Қажет жағдайда | Меңгеруші, есепші Шаруашылық меңгерушісі |
| 6 | Ауланы көгалдандыру мен жабдықтау (жинау, гүлзарлар жасау, гүлдер отырғызу) | Сәуір мамыр | Шаруашылық меңгерушісі Ұжым |
| 7 | Кір жуғыш, кеңсе заттары мен құрылыс және басқа да жөндеуге қажетті заттармен қамтамасыз ету (жабдықтаушылармен шарт бойынша жұмыс) | Қыркүйек | Меңгеруші Есепші |
| 8 | Қарашірік пен құм төгу (жабдықтаушылармен шарт бойынша жұмыс) | Мамыр-маусым | Шаруашылық меңгерушісі Есепші |
| 9 | Балабақшада ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу. | Жаз мезгілінде | шаруашылық меңгерушісі |
| 10 | Әр топқа ойыншық алу, дамытушы ойыншықтармен жабдықтау | Оқу жылы барысында | меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі |
| 11 | Әр үлескіні ойынға қажетті құрал жабдықтармен толықтыру. | Маусымға байланысты | меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі |

## VIII. Мектеппен сабақтастық

| № | Жұмыс мазмұны | Өткізу мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру | Қыркүйек | Мектеп директоры Балабақша меңгерушісі |
| 2 | Ересек топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша ашық іс-әрекетіне енуімен тәрбиешілердің ашық сабақтарға енуі | Жыл бойы | Бастауыш сынып мұғалімдері Тәрбиешілер |
| 3 | «Мектепке дағдыландыру және оқытудың дәлелдемелерін зерттеу» дөңгелек үстел | Қараша | Бастауыш сынып мұғалімдері Балабақша әдіскері |
| 4 | Ата-аналарға кеңес «Баланың мектепке дайын екенін қалай білуге болады?» тақырыбында тренинг жүргізу | Ақпан | Бастауыш сынып мұғалімдері Тәрбиешілер |
| 5 | «Қазақтың ұлттық ойындары» сайыс | Наурыз | Бастауыш сынып мұғалімдері Тәрбиешілер |
| 6 | «Білім ордасына саяхат» Мектепке мақсатты саяхат | Сәуір | Бастауыш сынып мұғалімдері Тәрбиешілер |
| 7 | Бастауыш сынып мұғалімдерін балабақшаның ата-аналарының жиналысына қатыстыру | Мамыр | Бастауыш пән бірлестік жетекшілері Әдіскер |
| 8 | «Қош бол балабақша, сәлем мектеп!» ертеңгілігі | Мамыр | Тәрбиешілер |

CamScanner көмегімен сканерленген